

Қоғамдық тәртіпті нығайту және ішкі істер органдарының полициясы учаскелік инспекторларының рөлін арттыру жөніндегі қосымша шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 23 мамыр N 701

Полиция учаскелік инспекторларының қалалардағы және басқа да елді мекендердегі құқық бұзушылықтарға ескертуі мен олардың алдын алудағы, қылмысқа қарсы күрестегі рөлін арттыру, олардың материалдық-техникалық базасын жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдеріне заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) ішкі істер органдарының полициясы учаскелік инспекторларының көмекшілерін ұстау шығыстарын және олардың материалдық-техникалық жарақтандырылуын жергілікті бюджеттер қаражаты мен Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қаржыландыруды көздеу;

2) әрбір әкімшілік учаскеде полицияның учаскелік пункттерін құруға, оларды қызметтік жиһазбен, байланыс құралдарымен жарақтандыруға, ішкі істер органдарының полициясы әрбір учаскелік инспекторын және олардың көмекшілерін қызмет көрсетілетін учаскеде қызметтік пәтерлермен және пәтерлік телефондармен қамтамасыз етуге, бекітілген тиесілі нормаларға сәйкес автокөлік пен нысанды киім-кешек сатып алуға ішкі істер органдарына жәрдем көрсету ұсынылсын.

2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі:

1) облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдерімен келісім бойынша жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын ішкі істер органдарының полициясы учаскелік инспекторлары көмекшілерінің штаттық санын:

қалалар мен аудан орталықтарында ішкі істер органдарының полициясы

әрбір учаскелік пунктіне - бір көмекші;

ауылдық жерлерде ішкі істер органдарының полициясы әрбір учаскелік инспекторына - бір көмекші есебінен белгілесін;

2) Ішкі істер органдарының полициясы учаскелік инспекторлары мен олардың көмекшілері қызметінің тәртібі туралы ережені әзірлесін және бекітсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне жүктелсін.

4. Осы қаулы 2003 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Ескерту. 4-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.10.09. N 1306
қаулысымен.

P011306_

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.